



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 12 сәуір

### Ұлттық Банктің төлем жүйелері арқылы жасалған төлемдердің көлемі ІЖӨ-ден 14 есе асты

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі интернет-ресурсында «Төлем жүйелері» - «Жарияланымдар және баяндамалар(<https://nationalbank.kz/?docid=540&switch=kazakh>) бөлімінде 2018 жылғы төлем жүйелерін қадағалау (оверсайт) және көрсетілетін төлем қызметтері нарығының даму нәтижелеріне шолуды орналастырды.

Шолудың нәтижелеріне сәйкес Қазақстанның төлем нарығында 20 төлем жүйесі жұмыс істейді, оның ішінде Ұлттық Банк операторы болып табылатын ұлттық төлем жүйелері және ақша аударымдар жүйелері және төлем карточкалары жүйелері жататын жеке төлем жүйелері жұмыс істейді.

2018 жылы Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері арқылы 834,6 трлн теңге сомада 42,9 млн транзакция жүргізілді, ол ішкі жалпы өнімнің көлемінен 14,2 есе асты.

Жалпы алғанда, 2018 жылы Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің жұмыс істеп тұру коэффициенті 99,99% болды, ол белгіленген нысаналы көрсеткіштерден асады және төлем жүйелерінің жұмыс істеп тұруының жоғары тиімділігін сипаттайды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)